

## Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгертулер енгізу туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1995 жылғы 31 қазан N 1408. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2001.07.26. N 1010 қаулысымен

"Қазақстан Республикасындағы шетел азаматтарының құқықтық жағдайы туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 19 маусымдағы N 2337 U952337\_ Заң күші бар Жарлығына және "Қазақстан Республикасындағы шетел азаматтарының құқықтық жағдайы туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің Заң күші бар Жарлығын жүзеге асыру туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 19 маусымдағы N 2338 K952338\_ қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

Қазақстан Республикасы Үкіметінің мына шешімдеріне өзгертулер енгізілсін:

1. "Қазақстан Республикасына келу және Қазақстан Республикасынан кету туралы Уақытша ереже туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1992 жылғы 29 қыркүйектегі N 813 қаулысына /Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1992 ж., N 37, 569-бап/:

Аталған қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасына келу және Қазақстан Республикасынан кету тәртібі туралы Уақытша ережедегі:

19-тармақ, 20-тармақтың 2-7-тармақшалары, 21-тармақтың бірінші абзацының күші жойылған деп танылсын;

26-тармақтың бірінші абзацында "Қазақстан Республикасынан заңсыз кету, Қазақстан Республикасына келу" деген сөздерден кейін "Қазақстан Республикасының аумағы арқылы транзиттік өтудің ережелерін бұзғаны үшін" деген сөздермен толықтырылсын.

2. "Шетел азаматтарының Қазақстан Республикасында болу тәртібі туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы 10 наурыздағы N 186 қаулысына /Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1993 ж., N 7, 87-бап/:

аталған қаулыда бекітілген Шетел азаматтарының Қазақстан Республикасында болу Ережесінің 10 және 40-тармақтарының күші жойылған деп танылсын.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ